

## **Көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт**

Астана қ.

№041140002811/260042/00

Бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын "Астана-Энергия" акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы Кажкенов Казбек Алимсуринович атынан бір тараптан және бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталынатын "Қазтеміртранс" акционерлік қоғамы, Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма төрағасы (Бас директор) Ширяев Александр Сергеевич атынан екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) және «2025-11-07» жыл № 15606451-ОК1 «Ашық конкурс» мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде осы көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасасты және мына төмендегі туралы келісімге келді:

### **1 Шарттың мәні**

1.1 Өнім беруші осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша Қызмет(тер) көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптарымен Көрсетілген қызмет(тер)ді қабылдауға және Шарт бойынша Өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындау шартында төлеуге міндеттенеді.

1.2 Төменде келтірілген құжаттар мен онда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып табылады, атап айтқанда:

- 1) осы Шарт;
- 2) лоттар тізбесі және қызметтер көрсету шарты (1-қосымша);
- 3) техникалық ерекшелік (2-қосымша).

### **2 Шарттың сомасы және ақы төлеу шарттары**

2.1 Шарттың жалпы сомасы Шартқа № 1 қосымшада айқындалады және 10 634 207 360.00 (он миллиард алты жүз отыз төрт миллион екі жүз жеті мың үш жүз алпыс тенге нөл тиын) ) теңгені құрайды және қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығыстарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық салықтар мен алымдарды, оның ішінде ҚҚС 1 139 379 360.00 тенге (бір миллиард жүз отыз тоғыз миллион үш жүз жетпіс тоғыз мың үш жүз алпыс тенге нөл тиын) (бұдан әрі - Шарттың сомасы) қамтиды.

2.2 Тапсырыс беруші Шарт күшіне енгеннен кейін Өнім беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 13-бабына сәйкес соманы енгізгеннен кейін 1-қосымшаға сәйкес мөлшерде аванстық төлемді жүргізеді.

Қалған соманы Тапсырыс беруші бұрын төленген авансты барабар ұстау ескеріле отырып, көрсетілген қызмет актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы төлейді. Көрсетілген Қызметтер үшін төлемді Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне Тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей Өнім берушінің есеп шотына ақшалай қаражат аудару арқылы жүргізеді.

2.3 Сандық және құндық шамадағы көрсетілетін қызмет көлемі Шартқа 1-қосымшада

келтірілген.



Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

## 2.4 Төлеу алдындағы қажетті құжаттар:

- 1) қол қойылған Шарт;
- 2) көрсетілген қызмет актісі (актілері);
- 3) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердегі елішілік құндылық туралы есеп;
- 4) Өнім беруші Тапсырыс берушіге көрсеткен қызметтердің сипаттамасымен, жалпы сомасы көрсетіле отырып, электрондық шот-фактура;

2.5 Қызмет көрсету күні мемлекеттік сатып алу веб-порталында орындалған жұмыстар актілерін Жеткізуші айына бір рет есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейін ұсынған және Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында белгіленген мерзім ішінде Тапсырыс беруші актіге қол қойған не көрсетілген мерзім ішінде ол бойынша дәлелді қарсылықтар берілген күн болып есептеледі.

2.6 Тапсырыс беруші Өнім берушіге жөнелту тәулігі бойынша бөле отырып, әрбір күнтізбелік айға өтінімді жазбаша түрде береді. Өтінім жеткізушінің электрондық мекенжайына тасымалдау басталғанға дейін 20 (жиырма) күнтізбелік күннен кешіктірмей жіберіледі. Өтінімде жоспарланған тиеу күні, межелі станциялардың атауы, жүктің атауы, тасымалданатын жүктің көлемі (маршруттар саны, тонна) көрсетіледі. Тапсырыс беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде Өнім берушіге маршруттарды басқа адреске жіберуге хабарлама жібереді;

## 3 Тараптардың міндеттемелері

### 3.1 Өнім беруші мыналарға:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Шарт күшіне енген күннен бастап он жұмыс күні ішінде шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы шарттың жалпы сомасының 3 (үш) пайызы мөлшерінде 319 026 220.80 теңгеге тең және Шартқа 1-қосымшаға сәйкес шарттың мәні бойынша көзделген аванс мөлшеріне тең 0.00 теңгеге, бұл жалпы 319 026 220.80 ((үш жүз он тоғыз миллион жиырма алты мың екі жүз жиырма тенге сексен тиын)) теңгені құрайды:

әлеуетті өнім берушінің электрондық әмиянындағы ақша;

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 44-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында берілетін банктік кепілдік.

не:

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 45-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша электрондық құжат түріндегі өнім берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Бұл ретте Шарттың орындалуын қамтамасыз ету Мердігер Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін ол Шарт бойынша міндеттемелерді толық және тиісінше орындаған жағдайда енгізбеуі мүмкін;

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін қамтамасыз етуге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз Тапсырыс беруші немесе Шарттың



жағдайларын орындау үшін Өнім беруші тартқан персоналдан басқа оның атынан басқа тұлғалар ұсынған техникалық құжаттаманың мазмұнын ашпауға міндеттенеді. Көрсетілген ақпарат бұл персоналға құпия түрде және міндеттемелерді орындауға қажетті шамада ұсынылуы тиіс;

5) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз жоғарыда көрсетілген қандай да бір құжаттарды және ақпаратты Шартты іске асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

6) Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпарат ұсынуға;

7) Өнім берушінің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауынан және/немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттермен туындаған келтірілген залалдарды Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге міндеттенеді.

8) Тапсырыс берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен бекітілген көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтердегі елішілік құндылық туралы есепті ресімдеуге және жіберуге;

9) Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда шот-фактура жазуға міндеттенеді.

10) шарт жасалған сәттен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде өзінің құқықтық қабілеттілігін растайтын құжаттарды ұсынуға;

11) шарт жасалғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жазбаша түрде кепілдік міндеттеме беру, ақша қаражатын алу, айыппұл санкцияларын беру, вагондардың бос тұрғаны үшін ақы (оның ішінде 2-қосымшада көрсетілген маршруттарды жөнелту интервалының бұзылуына байланысты), вагондарды пайдаланғаны, тасымалдау ақысы және/немесе ұлттық тасымалдаушы және/немесе вагондардың меншік иелері/жалдаушылары тарапынан тапсырыс берушіден басқа да алымдар/шығыстар үшін, ол алдағы ұстап қалу туралы Өнім берушіні жазбаша хабардар етпей шарт сомасын төлеу кезінде жоғарыда аталған негіздер бойынша жеткізушінің тиісті сомаларды ұстап қалуға жеткізушінің кінәсі болған кезде келіседі.

12) жеткізу айы басталғанға дейін 3 (үш) күнтізбелік күн бұрын Өнім беруші Тапсырыс берушіге тиеу тәулігі бойынша бөле отырып, жылжымалы темір жол құрамының санын бөле отырып, жүктерді тасымалдау жоспарын жазбаша ұсынады. Өнім беруші өнімді жеткізу айының басталуына дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Тапсырыс берушіге теміржол жүкқұжатын толтыру жөніндегі нұсқаулықты Тапсырыс берушінің ae@astana-energy.kz, a.gysbekova@astana-energy.kz электрондық мекенжайына беруге міндетті, кіріс хат-хабарларды тіркеу үшін Тапсырыс берушінің кеңсесіне тапсырады. Нұсқауда дұрыс деректерді ұсыну Өнім берушінің жауапкершілігі болып табылады. Анық емес деректерді ұсынумен байланысты кез келген шығындарды Өнім беруші Тапсырыс берушіге шот-фактура немесе шағым берген сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлейді.

13) Жеткізуші Тапсырыс беруші үшін көмір маршруттарын түсіру үшін вагондарды пайдаланғаны үшін жеңілдік уақытын (бір көмір маршрутын түсірудің айналым уақыты) – 36 сағатты белгілейді.

### 3.2 Өнім беруші:

1) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге төлем талап етуге;

Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан

Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз

тасығыштағы құжатпен бірдей.



2) Тапсырыс берушімен алдын ала орындау мерзімін келісе отырып, Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуге құқылы.

### 3.3 Тапсырыс беруші:

1) Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушінің мамандарының қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

2) көрсетілген Қызметтердің сәйкессіздіктері анықталған кезде тез арада Өнім берушіні жазбаша хабарландыруға;

3) қызметтерді қабылдау кезінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 587-тармағында белгіленген мерзімдерде веб-портал арқылы көрсетілген қызметтер актісін бекітуге не оны қабылдаудың дәлелді негіздемелерін көрсете отырып қабылдаудан бас тартуға;

4) көрсетілген қызметтер актісін бекіткеннен кейін Электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде шот-фактураны электронды нысанда жазып беру қағидаларына сәйкес электрондық шот-фактуралар ақпараттық жүйесі арқылы электрондық нысанда Өнім беруші жазып берген шот-фактураны бекіткеннен кейін қабылдауға;

5) осы Шартта белгіленген тәртіпте және мерзімдерде төлем жүргізуге міндеттенеді.

### 3.4 Тапсырыс беруші:

1) көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруге;

2) Қызмет мерзімінен бұрын көрсетілген жағдайда, Тапсырыс беруші көрсетілген қызметті мерзімінен бұрын қабылдауға және ол үшін Шарт талаптарына сәйкес ақы төлеуге құқылы. Қызметті мерзімінен бұрын көрсетуден бас тартуға оны қабылдау мүмкін болмаған жағдайларда жол беріледі.

## **4 Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1 Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің техникалық ерекшелікте (Шартқа 2-қосымша) көрсетілген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан бақылау мен тексеру жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерулер бойынша барлық шығыстарды Өнім беруші көтереді. Тапсырыс беруші Өнім берушіні осы мақсаттар үшін белгіленген өз өкілдері туралы жазбаша түрде уақтылы хабарлауы тиіс.

4.2 Осы Шарт шеңберінде көрсетілген Қызметтер техникалық ерекшелікте көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3 Егер тексеру кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) талаптарына сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан ешқандай қосымша шығынсыз, техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды тексеру сәтінен бастап 3 жұмыс күні ішінде қолданады.

4.4 Жоғарыда көрсетілген ешбір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

## **5 Қызметтер көрсету**



5.1 Өнім берушінің қызметтерді көрсетуі Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 1-қосымшада көрсетілген мерзімдерде жүзеге асырылады.

5.2 Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға дәл сәйкестікте көрсетілетін қызметті толық тапсыруы шартында Қызмет көрсетілді деп есептеледі.

5.3 Осы Шартты орындау үшін қажетті тасымалдаумен байланысты қызметтерді Өнім беруші өз күшімен орындайды. Осы Шарт бойынша Өнім беруші Тапсырыс беруші үшін көмірді жеткізу шарты шеңберінде келісілген көмірді тиеу кестесі негізінде жүктерді тасымалдауды жоспарлау және төлеу бойынша қызметтер көрсетеді. Өнім беруші дайындық операцияларын (салыстырып тексеру, қол қою) және межелі станциядағы қосымша алымдар мен айыппұлдар бойынша тасымалдаушымен және вагон паркінің меншік иесімен есеп айырысуды дербес жүргізеді.

## **6 Кепілдік**

6.1 Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақтылы қызмет көрсетудің қамтамасыз етілуіне кепілдік береді.

6.2 Өнім беруші техникалық ерекшеліктің (Шартқа 2-қосымша) Қызметтерінің қателерін, жете өңдеулері мен басқа да сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

6.3 Тапсырыс беруші берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы Өнім берушіге жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, одан кейін Өнім беруші, осыған байланысты барлық шығыстарды қоса алғанда, өз есебінен кемшіліктерді жою шараларын Тапсырыс беруші хабарламасында айқындалған мерзімде қолдануға тиіс

6.4 Егер Өнім беруші хабарламаны алып, кемшіліктерді жою шараларын уақтылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына ешқандай нұқсан келтірмей және Өнім беруші есебінен қажетті санкциялар мен кемшіліктерді жою шараларын қолдана алады.

## **7 Тараптардың жауапкершілігі**

7.1 Тараптар осы Шарт шеңберіндегі өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда барлық даулар мен келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

7.2 Секвестр және/немесе тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаны бақылау шотында/мемлекеттік кәсіпорындардың, дауыс беретін акцияларының елу және одан астам проценті мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың есеп шотында ақша жетіспеген жағдайларды қоспағанда, егер Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиесілі қаражатты Шартта көрсетілген мерзімдерде төлемесе, Тапсырыс беруші Өнім берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін тиесілі соманың 0,1 % (нөл бүтін оннан бір) мөлшерінде ұсталған төлемдер бойынша тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық айыбының (өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

7.3 Қызмет көрсету мерзімдерін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады) не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының

(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 15 %-на аспауға тиіс. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



7.4 Өнім беруші Қызмет көрсетуден бас тартқан немесе Шарт бойынша Қызмет көрсету мерзімі өткен күннен бастап, бірақ Шарт қолданысының аяқталу мерзімінен кешіктірмей, бір айдан аса мерзімге Қызмет көрсету мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбының (айыппұл, өсімпұл) сомасын өндіріп ала отырып, бір жақты тәртіпте осы Шартты бұзуға құқылы.

7.5 Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартта көзделген міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.6 Егер кез келген өзгеріс Өнім берушіге Шарт бойынша қызмет көрсету үшін қажетті құнның немесе мерзімдердің азаюына әкелетін болса, Шарт сомасы немесе қызмет көрсету кестесі, немесе екеуі де тиісінше түзетіледі, ал Шартқа тиісті түзетулер енгізіледі. Өнім берушінің түзету жүргізуге барлық сұрау салулар Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы өкім алған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде ұсынуға тиіс.

7.7 Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық не ішінара біреуге беруіне жол берілмейді.

7.8 Тапсырыс беруші Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді, авансты қамтамасыз етуді (егер шартта аванс көзделген болса), сондай-ақ Өнім берушінің осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына байланысты Мемлекеттік сатып алу туралы заңның (бар болса) 13-бабына сәйкес өнім беруші енгізген соманы қайтармайды.

7.9 Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жеткізуші тапсырыс берушіге тиісінше көрсетілмеген қызметтер / көрсетілмеген қызметтер сомасының 15% мөлшерінде айыппұл төлейді.

7.10 Тарапта Шарттың осы тармағының қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

7.11 Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдердің іске асырылуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

7.12 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері, қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) және қатысушылар пара беру/алу, коммерциялық пара беру сияқты қолданыстағы заңнамамен сараланатын әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және заңсыз жолмен алынған ақшаны жылыстату туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерді жүзеге асырмайды.

7.13 Жазбаша хабарлама алған Тарап Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тергеу жүргізуге және оның нәтижелерін екінші Тараптың атына беруге міндетті.

7.14 Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар, олардың қызметкерлері, қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушылар) және қатысушылар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын не бұзуға ықпал ететін, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы әрекеттерді жасаудан, жасауға итермелеуден қалыс қалады, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу немесе өзге де заңсыз мақсаттарға қол жеткізу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

7.15 Өнім беруші Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамау нәтижесінде Тапсырыс берушіде туындаған кез келген залалды өтеуге міндетті.

7.16 Жеткізуші Тапсырыс берушіне ұсынылған ақпараттың ақиқаттығына және толықтығына қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



айыппұлдарды, төлемақыны және басқа да алымдарды мынадай себептер бойынша өтеуге міндетті: - жеткізуші тапсырыс берушіге теміржол жүкқұжатын толтыру жөніндегі нұсқаулықты бермеуі және / немесе уақтылы бермеуі; - жеткізушінің Екібастұз станциясына тасымалдау ақысын растайтын жеделхаттарды бермеуі және/немесе уақтылы бермеуі; жеткізушінің уақтылы ұсынбауы. - «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ филиалында - тасымалдау құжаттарын өңдеу жөніндегі Павлодар технологиялық орталығы» (Павлодар ТехПД), «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ филиалында - «Қарағанды өңдеу технологиялық орталығы» АҚ филиалында ақшалай қаражаттың болмауы (Қарағанды ТехПД) мәлімделген бағыттарда тасымалдауға ақы төлеу үшін жеткізушінің шотында; - онкүндік қорытындылары бойынша тасымалдау жоспары бойынша жеткізушінің меншікті / жалға алынған вагондарының келмеуі; - ақаулы вагондар ағытылған жағдайда не құрамның салмағының азаюына және пойыздарды қалыптастыру жоспарына сәйкес олардың резервте толық құрамға дейін болмауына байланысты басқа вагондармен толықтыру мүмкін болмауына байланысты жеткізушінің меншікті / жалға алынған вагондарын игермеуі; - меншікті/жалға алынған вагондардың станциялық жолдарда тоқтап қалуы, меншікті / жалға алынған вагондар келген жағдайда (жеткізуші тартқан) вагондардың күнтізбелік жоспар бойынша мәлімделген санынан артық немесе толық құрамда емес, яғни маршруттағы вагондар санына тең емес; оның ішінде: 2-қосымшада көрсетілген маршруттарды жөнелту интервалының бұзылуына байланысты вагондардың тоқтап қалуы; - жеткізуші міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда аралық станцияларда бос меншікті және/немесе жалға алынған (жеткізуші тартқан) вагондардың кешігуі; - мәлімделген тасымалдау жоспарына сәйкес меншікті жылжымалы құрам болмаған жағдайда, тасымалдауға тартылған тауарлы-материалдық вагон паркін пайдалану;

7.17 Жеткізуші тапсырыс берушіге шот-фактура не талап қойылған сәттен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде барлық айыппұлдарды, төлемді және/немесе басқа да алымдарды өтеуге міндетті. Шот-фактураны уақтылы төлемеген жағдайда тапсырыс беруші жеткізушіге шарт сомасын төлеген кезде есептелген айыппұлдарды, алымдарды, төлемдерді, тасымалдау ақысының жетіспеушілігін және тағы басқа акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

7.18 Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қатынастардың тәуекелін азайту үшін жүйелі күш жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді.

7.19 Жеткізуші тапсырыс берушіге «вагондар салмақты азайту үшін ағытылған» деген белгісі бар маршруттан ағытылған вагондар келіп түскен кезде туындайтын барлық қосымша шығыстарды өтеуге міндетті.

7.20 Тараптар мүдделердің нақты және ықтимал қақтығысы туралы мәліметтерді ашуға міндеттенеді. Мүдделердің нақты және ықтимал қақтығысы болған/анықталған жағдайда Тараптар «Астана-Энергия» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкері арқылы Шарт жасасу сәтінде не тиісті мән-жай пайда болған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кез келген мүдделер қақтығысының болуы туралы ақпаратты жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

7.21 Жазбаша хабарламада Тарап Тараптың, олардың қызметкерлерінің, делдалдарының және қосалқы мердігерлердің (бірлесіп орындаушылардың) Шарттың осы тармағының қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін растайтын немесе болжауға негіз беретін фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды беруге міндетті

7.22 Тараптар келесі қағидаттарды ұстануға міндеттенеді: 1) әрбір мүдделер қақтығысының тараптары үшін тәуекелдердің ауырлығын жеке қарау, бағалау және мүдделер қақтығысының әрбір жағдайын реттеу; 2) мүдделер қақтығысы және реттеу үдерісі туралы мәліметтерді ашу үдерісінің құпиялылығы; 3) мүдделер қақтығысын реттеу кезінде қызметкердің, лауазымды тұлғаның мүдделер теңгерімін сақтау; 4) қызметкер, лауазымды тұлға уақтылы ашқан мүдделер қақтығысына байланысты қызметкерді, лауазымды тұлғаны қудалаудан қорғау.

7.23 Ұлттық тасымалдаушының өнімді тасымалдауға қабылдаудан бос тартуына әкеп соққан осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.



өнімді тасымалдағаны үшін жеткізушіге ақы төленбеген жағдайда, сондай-ақ ұлттық тасымалдаушы немесе вагондардың басқа меншік иелері/жалға алушылары тарапынан клиентке вагондарды жай пайдаланғаны үшін, вагондарды пайдаланғаны үшін, тасымалдау ақысы және/немесе басқа да алымдар/шығыстар үшін ақы ұсынылған жағдайда, тапсырыс беруші барлық ұсталған/айыппұлдың 1,5 еселенген сомасын негізге ала отырып, растайтын құжаттары болған кезде тапсырыс берушінің атына жеткізушіге берілген есептелген төлемдер, айыппұлдар.

## **8 Шарттың қолданылу мерзімі және бұзылу талаптары**

8.1 Шарт қол қойған күннен бастап күшіне енеді және 2026-12-31 дейін қолданылады.

8.2 Мынадай оқиғалар олардың көбеюі бөлігінде қызмет көрсету ұзақтығы мерзімдерінің өзгеруіне әкеп соқтырады:

1) Тапсырыс беруші Объектінің барлық учаскелерін пайдалануға тыйым салады, ол өз кезегінде қызмет көрсетудің кешіктірілуіне әкеп соқтырады;

2) Тапсырыс беруші Өнім берушіге Шартта жоспарланбаған сынақтарды жүргізу үшін қызмет көрсетуді тоқтатуға нұсқау береді. Бұл ретте, егер аталған сынақтар ақауларды анықтамаған жағдайда, қызмет көрсетуді тоқтату уақыты қызмет көрсету мерзіміне қосылады;

8.3 Егер Өнім беруші банкрот немесе төлеуге қабілетсіз болса, Тапсырыс беруші кез келген уақытта Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп біржақты тәртіпте Шарт талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұл жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және Тапсырыс беруші егер Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмейтін немесе салдарынан Тапсырыс берушіге қойылған немесе қойылатын қандай да бір әрекеттерді жасауға немесе санкцияларды қолдануға құқықтарды қозғамайтын шартта Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндет көтермейді.

8.4 Шарт одан әрі оны орындау орынсыз болған жағдайда, тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

8.5 Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылған кезде, Өнім беруші Шарт бойынша бұзуға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

8.6 Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші осы Шарттың 7.4-тармағының талаптарын ескере отырып, Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып:

1) егер Өнім беруші көрсетілетін қызметті Шартта көзделген мерзімде немесе Тапсырыс беруші ұсынған осы Шарттың ұзартылған кезеңі ішінде орындай алмаса;

2) егер Өнім беруші өз міндеттемелерін орындай алмаса, осы Шартты толық немесе ішінара бұза алады.

### **8.7 Шарт**

1) өнім беруші жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан жағдайда;

2) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған;



3) Өнім беруші конкурсқа қатысуға мәлімделмеген жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерлерді (қызметтер көрсету жөніндегі бірлесіп орындаушыларды) тартқан, сондай-ақ жұмыстарды орындау жөніндегі қосалқы мердігерге (қызметтер көрсету жөніндегі бірлесіп орындаушыға) Заңның 17-бабының 8-тармағында белгіленген көлемнен асатын көлемде жұмыстарды (қызметтерді) берген жағдайда;

4) тапсырыс беруші немесе заңды тұлға болып табылатын өнім беруші таратылған не банкрот болған не жеке тұлға болып табылатын өнім беруші қайтыс болған жағдайда;

5) Өнім беруші шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құқық қабілеттілігін жоғалтқан, өнім беруші қайтыс болған (соттың хабар-ошарсыз кетті деп тануы немесе қайтыс болды деп жариялауы) жағдайда;

6) шарт жасасуға негіз болған сатып алуға қатысты осы Заңның 7-бабында көзделген шектеулердің бұзылуы анықталған жағдайда;

7) ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының осы Заңда көзделмеген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде өнім берушіге жәрдем көрсетуі анықталған жағдайда;

8) осы орынсыздықтың себептерін егжей-тегжейлі негіздей отырып, шартты одан әрі орындау орынсыз болған жағдайда;

9) өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу мерзімі өткенге дейін өз міндеттемелерін орындаған жағдайды қоспағанда, өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді (авансты, демпингке қарсы соманы қамтамасыз етуді) мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген мерзімдерде енгізбеген жағдайда;

10) орындалуы шартты бұзуды талап ететін заңды күшіне енген сот актісі бойынша. Шарт жасасудан жалтару жағдайында кез келген кезеңде бұзылуы мүмкін.

## **9 Хабарлама**

9.1 Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберетін кез келген хабарлама төленген тапсырыс хатпен немесе телеграф, телекс, факс, телефакс не веб-портал арқылы жіберіледі.

9.2 Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне ену күні (егер хабарламада көрсетілсе), осы екі күннің қайсысы кеш келетініне байланысты күшіне енеді.

## **10 Форс-мажор**

10.1 Егер Шарт талаптарының орындалмауы форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Тараптар ол үшін жауапкершілік көтермейді.

10.2 Егер Шартты орындауды кешіктіру форс-мажорлық жағдаяттардың нәтижесі болып табылса, Өнім беруші өзінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуінен айырылмайды және Шарт талаптарының орындалмауына байланысты тұрақсыздық айыбын төлеуге немесе оны бұзуға жауапты болмайды.

10.3 Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынбайтын және күтпеген сипаттағы оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар мыналарды қамти алады, бірақ тек олар ғана емес: соғыс қимылдары, табиғи немесе дүлей апаттар және басқалар.

10.4 Форс-мажорлық жағдаяттар туындаған кезде Өнім беруші тез арада Тапсырыс берушіге осындай жағдаяттар мен олардың себептері туралы жазбаша хабарлама жіберуге тиіс. Егер



Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттерін мүмкіндігінше орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдаяттарға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы тәсілдерін іздейді.

## **11 Даулы мәселелерді шешу**

11.1 Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе оған байланысты олардың арасында туындайтын барлық келіспеушіліктер немесе даулар тікелей келіссөздер үдерісінде шешуге барлық күш-жігерлерін салуға тиіс.

11.2 Егер осындай келіссөздерден кейін Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауларды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені бұл мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешуді талап ете алады.

## **12 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл**

12.1 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы тұлғалардың әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін төлем жасамайды, төлеуді ұсынбайды және қандай да бір тұлғаларға тікелей немесе жанама ақша қаражатын немесе құндылықтарды төлеуге жол бермейді. кез келген заңсыз пайданы немесе басқа да жөнсіз мақсаттарды алу үшін.

12.2 Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаған кезде Тараптар осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада көзделген әрекеттерді, мысалы, пара беру/алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ қолданыстағы Шарттың талаптарын бұзатын әрекеттерді жасамайды. қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы күрес туралы заңдар мен халықаралық актілер.

12.3 Осы Шарттың Тараптарының әрқайсысы екінші Тараптың өкілдерін кез келген тәсілмен ынталандырудан бас тартады, оның ішінде ақшалай сомалар, сыйлықтар беру, оларға жіберілген жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау арқылы және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке қалдыратын басқа да тәсілдермен. , және осы қызметкердің ынталандырушы тараптың пайдасына кез келген әрекетті орындауын қамтамасыз етуге бағытталған.

12.4 Егер Тарап сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай да бір талаптардың бұзылуы орын алды немесе орын алуы мүмкін деп күдіктенсе, тиісті Тарап бұл туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етуге міндеттенеді.

12.5 Жазбаша хабарламада Тарап осы шарттардың кез келген ережелерін контрагенттің бұзуы орын алған немесе орын алуы мүмкін, қолданыстағы заңнамада белгіленген әрекеттерде көрсетілген фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды сенімді түрде растауға немесе беруге міндетті. пара беру немесе алу, коммерциялық пара алу, сондай-ақ ақшаны жылыстатуға қарсы күрес жөніндегі қолданыстағы заңнама мен халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттер.

12.6 Осы Келісімнің Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша рәсімдердің жүргізілгенін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте Тараптар сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысы болуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін барынша азайтуға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара көмек көрсетуге негізделген күш-жігерін салады. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметке Тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу рәсімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенеді.

## **13 Өзге де шарттар**



13.1 Салықтар мен бюджетке басқа міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық және кеден заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

13.2 Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар Шарт жасасу нысаны сияқты нысанда жасалады.

13.3 Өнім берушінің таңдауы үшін негіз болған сапаның өзгермеуі шарты мен басқа да шарттарда жасалған Шартқа өзгерістер енгізуге Заңның 18-бабының 2-тармағында көзделген жағдайларда жол беріледі.

13.4 Тараптардың бірінің міндеттерін шарт бойынша беруге қайта ұйымдастырылған жағдайда құқықтық мирасқорлықты қоспағанда жол берілмейді.

13.5 Шарт веб-портал арқылы жасалған бірдей заңды күшіне ие қазақ және орыс тілінде жасалды.

13.6 Шартта реттелмеген бөлікте Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

13.7 Тараптардың заңды мекенжайы мен банктік деректемелері өзгерген жағдайда, әрбір тарап хабарлама нысанындағы өзгерістер туралы екінші тарапқа үш күн мерзімде хабарлауға тиіс.

13.8 Келіссөздер арқылы келісімге қол жеткізілмеген даулар тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13.9 Тараптар арасындағы кез келген хат алмасу электрондық пошта арқылы жүргізілуі мүмкін, бұл ретте жөнелту туралы есеп болған жағдайда хат тиісінше жеткізілген болып есептеледі.

## 14 Реквизиттер

Тапсырыс беруші:  
"Астана-Энергия" акционерлік қоғамы  
г.Астана, район Байқоңыр, Проезд 69, 18  
БСН 041140002811  
БСК EURIKZKA  
ЖСК KZ5894805KZT22033226  
"Еуразиялық Банк" АҚ  
Тел.: 8(7172)64-40-66, 64-40-59,  
ae@astana-energy.kz  
Басқарма төрағасы Кажкенов Казбек  
Алимсуринович

Өнім беруші (Өнім беруші ақша талабын (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шартын жасасқан кезде қаражат алушы):  
"Қазтеміртранс" акционерлік қоғамы  
г.Астана, район Есиль, ДИНМУХАМЕД  
КОНАЕВ, 10  
БСН/ЖСН 031040000572  
БСК HSBKZKX  
ЖСК KZ876018821000156201  
"Қазақстан Халық Банкі" АҚ  
Тел.: +7 (7172) 930 300 · info@kaztt.kz  
Басқарма төрағасы (Бас директор)  
Ширяев Александр Сергеевич

Аббревиатураларды таратып жазу:  
БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;  
БСК - банктік сәйкестендіру коды;  
ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;  
ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;  
ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;  
ТЕН - төлеушіні есепке алу нөмірі;  
ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ө. Осы құжат «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы N 370-ІІ Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей.

## Сатып алынатын тауарлар (көрсетілетін қызметтер, жұмыстардың) тізімі

Электрондық конкурстың №: 15606451-1

Электрондық конкурстың атауы: Объявление о государственных закупках

Лоттың №	Тапсырыс беруші атауы	Атауы	Қысқа сипаттама	Қосымша сипаттама	Өлшем бірлік	Саны, көлемі	Бірлік бағасы, соның ішінде ҚҚС, тенге	Тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Шарт бойынша тауарларды жеткізу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету мерзімі	Жеткізу орындар	Аванс төлемінің мөлшері %, %	Жалпы сома, соның ішінде ҚҚС, тенге
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13
<b>2026 қаржылық жыл</b>												
80270975-OK2	"Астана-Энергия" акционерлік қоғамы	Көліктік-экспедиторлық қызмет ету бойынша қызмет көрсетулер	Транспорттық-экспедициялық қызмет көрсетулер кешені	2-ЖЭО үшін көмірді тасымалдау-экспедиторлық қызметтер	Бір қызмет	1	10 634 207 360.00	01.01.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейін	01.01.2026 ж. бастап 31.12.2026 ж. дейін	Астана қ., Байқоңыр ауданы Астана қ., Байқоңыр ауданы ЖЭО-2 индустриалды аймағы, «Астана-Энергия» АҚ; (1)	0	10 634 207 360.00



## Договор о государственных закупках услуг

г.Астана

№041140002811/260042/00

Акционерное общество "Астана-Энергия", именуемый (ое)(ая) в дальнейшем Заказчик, от лица которого выступает Председатель Правления Кажкенов Казбек Алимсуринович, действующий на основании Устава, с одной стороны и Акционерное общество "Қазтеміртранс", именуемый(ое)(ая) в дальнейшем Поставщик, от лица которого выступает Председатель Правления (Генеральный директор) Ширяев Александр Сергеевич, действующий на основании Устав, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», на основании Закона Республики Казахстан «О государственных закупках» (далее - Закон) и итогов государственных закупок способом Открытый конкурс от 2025-11-07 года № 15606451-ОК1, заключили настоящий договор о государственных закупках услуг (далее - Договор) и пришли к соглашению о нижеследующем:

### 1 Предмет договора

1.1 Поставщик обязуется оказать Услугу(и) согласно условиям, требованиям и по ценам, указанным в приложениях к настоящему Договору, являющихся неотъемлемой его частью, а Заказчик обязуется принять оказанную(ые) Услугу(и) и оплатить за нее на условиях настоящего Договора при условии надлежащего исполнения Поставщиком своих обязательств по Договору.

1.2 Перечисленные ниже документы и условия, оговоренные в них, образуют данный Договор и считаются его неотъемлемой частью, а именно:

- 1) настоящий Договор;
- 2) перечень лотов и условия оказания услуг (приложение 1);
